


# Жұмыс уақыты және оны үнемді пайдалану

- ҚР жұмыс уақытын заңдық реттеу
- Жұмыс уақытының шығынын сыныптау  
Жұмыс уақытының теңгерімі
- Жұмыс уақыты шығындарын зерделеу

- Жұмыс уақыты - бұл қызметкер заңдарға, ұжымдық және жеке еңбек шарттарына, ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт.
- Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

# Жұмыс уақытының ұзақтығы


Қалыпты



Қысқартылған



Толық емес



# Қалыпты жұмыс уақыты

- Кәсіпорындағы (мекемелердегі, ұйымдардағы) қызметкерлердің қалыпты жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс. Көрсетілген мөлшер экономиканың салаларына, кәсібіне, мамандығына, қарапайым қалыпты еңбек жағдайлары бар қызметтерге қарамастан қызметкерлердің барлығына бірдей қатысты.

# Қысқартылған жұмыс уақыты төмендегі тұлғалар үшін бекітіледі:

- 18 жасқа жетпеген жұмысшылар:
- 14-16 жастағы жұмыскерлер үшін – аптасына 24 сағаттан аспайтын;
- 16-18 жастағы жұмыскерлер үшін – аптасына 36 сағаттан аспайтын.
- ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы қызметкерлерге - аптасына 36 сағаттан аспайтын;
- бірінші және екінші топтағы мүгедектерге - аптасына 36 сағаттан аспайтын.

# Толық емес жұмыс уақыты

- Толық емес жұмыс уақыты қызметкер мен жұмыс беруші арасында оны жұмысқа қабылдар кезде және одан кейін де келісім арқылы белгіленеді. Толық емес жұмыс уақытын ұзақтығы заңмен белгіленген қалыпты жұмыс уақытынан кем қысқартылған жұмыс уақытынан ажырата білу керек. Олардың айырмашылығы еңбекке ақы төлеу тәртібінде. Егер қызметкерлерге қысқартылған жұмыс уақыты үшін жалақы толықтай төленетін болса, ал толық емес жұмыс уақыты үшін жұмыс істеген уақытына сәйкес немесе шығарған өніміне қарай төленеді.

# Толық емес жұмыс уақыты

- Толық емес жұмыс күні
- Толық емес жұмыс аптасы
- Күнделікті жұмыс уақытының нормасын бір мезгілде азайту (жұмыс ауысымы) және жұмыс аптасындағы жұмыс күндерін қысқарту

Егер қызметкерлерге қысқартылған жұмыс уақыты үшін жалақы толықтай төленетін болса, ал толық емес жұмыс уақыты үшін жұмыс істеген уақытына сәйкес немесе шығарған өніміне қарай төленеді.



Жұмыс уақытының шығынына бақылау жүргізу мақсатына, мазмұнына, көлеміне байланысты келесі әдістерге бөлінеді:

- Суреттеме
- Хронометраж
- Фотохронометраж

Суреттеме - деп жұмысшының немесе жабдықтардың жұмыс уақытының ауысым немесе бірнеше ауысымдар бойынша бақылауды айтады.

Суреттеменің мақсаты жұмыс уақытының шығындары мен үзілістерін анықтау, олардың себептерін тауып қалыпты жұмыс балансын құрастыру.

Хронометраж - еңбек операциясының дүркін-дүркін қайталанып отыратын элементтерін бақылау және өлшеу жолымен операцияға жұмсалған уақытты зерттеу әдісі.